

**МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Әдістемелік отырыстың
№2 хаттамасы**

Жиналыс төрайымы : *А.Т.Молдахметова*
Хатшы: *С.М.Слямова*

Күні: 18.10.2023 жыл
Қатысқаны: 30
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. «Реджио педагогикасы біздің балабақшада»
Инн.әдіскері: Е.С.Зейнелсадыкова
2. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды көңіл-күйінің дамуы
Тәрбиеші Г.А. Муханова
3. Балабақша ішіне жайлы, жақсы психологиялық климат жасауға көңіл аудару, проблемалар бойынша кеңес ұйымдастыру.
Педагог-психолог: А.А. Карина
4. Топтардағы ата-аналарға арналған жұмыс жоспарларын бекіту, ата-ана мәліметін тексеру.
Әдіскер: А.Т. Молдахметова

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақшаның инновация әдіскері Е.С.Зейнелсадыкова «Реджио педагогикасы біздің балабақшада» тақырыбында педагогтермен әңгіме жүргізді. Барлық топтарда Реджио бағытына байланысты орталықтар құрылғанын, олардың бала жасына сай келетіндігін айтты. Сонымен қатар күнделікті іс-әрекеттерде де балалармен жұмыс істеу дағдыға айналғанын, балаларға шығармашылық жұмыстардың оң нәтиже беріп жатқандығын айтты. Балалармен бірге ата-аналар да топтағы балалардың іс-әрекеттеріне қатысып, қол ұшын беріп, балабақшадағы Реджио жобасына ат салысуда. Барлық тәрбиешілер Реджио педагогикасы жөнінде курстар оқып, сертификат алған. Сондықтан да педагогтер тарапынан Реджио педагогикасы оларға қиындық туғызбады. Балалармен, ата-аналармен бірге жұмыстануда. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі – өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи

инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты екендігін айтып өтті.

Балабақша тәрбиешісі Г.А.Муханова «Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды көңіл-күйінің дамуы» тақырыбында педагогтерге мағлұмат беріп өтті. Өз эмоцияларымен басқара білу – мектепке дейінгі жастағы балалардың ең басты жетістігі. Сондықтан эмоционалдық функция ол мектеп жасына дейінгі баланың орталық психикалық функциямен деп аталады және соған еріксіз түрде айналады.

Л.С. Выготскийдің айтуынша «Мектепке барғанша баланың эмоционалды – реакциялары, баланың мінез – құлығына тікелей үстемшілдік етуін жоғалтады. Бала өз эмоцияларымен басқаруды үйренеді.» Бұл, алайда, мектеп жасына дейінгі мерзімнің соңғы кезінде қызу өмірдің жеткілікті тәжірибесімен ғана ие болатындай жағдай болуы мүмкін.

Негізгі эмоцилар: ренжу, қуану, тынышталу, қорқу.

3 – 5 жаста құрдастарына құштарлық сезімі дамиды. Жаңа әзілдесу сезімі оянады, әзілдерді түсінеді және әзілдеуді жақсы көреді, өз эмоцияларын баяулатып, кез келген ым арқылы және ымдап сөйлесу эмоциялардың сыртқы белгілерін білдіреді.

Негізгі эмоциялары: қайғы, ашу, қорқыныш, таңдану, қызығушылық, тыныштық, қуаныш. 5-6 жаста – мектепке баратын уақыттың жақындауын сезінеді: біреулер үрей сезімдері, ал, екіншісінде қуаныш сезімдері пайда болады.

Негізгі эмоциялар: қорқыныш, ашу, ыза, қайғы, таңдану, мүдде, тыныштық, ар, жазалау, қуаныш, күндеушілік, жеркенушілік.

Эмоционалды көңіл-күйдің дамытуы осындай бөлімдерден тұрады. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды дамуында (театр) сахналаудың әсері маңызды болады. Өздеріне көптеген жақсы әсер алады.

Эмоциялар, бір жағынан, бала күйінің индикаторлары болып табылады, екіншіден оның танымдық процесстері және мінез-құлық, логикаларына оның ықыласы, қоршаған ортаны қабылдауды ерекшеліктің бағытталғандығын анықтауда ықпал етеді деп есептеймін.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығында бала тәрбиесі мен білім беру жүйесін нығайтуда баланың эмоциялы күй-жағдайына көбірек көңіл бөле отырып дамытудың негізгі мәселесі болып қарастырылған. Қоғамның дамуындағы жеке адамның эмоциясы тұрақты нормада болуының қоғамға әсері, экономикалық техниканың жетістіктеріне жетуге итермелеуіне орай, бүгінгі таңда осы проблема ауқымды, өзекті мәселе.

Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың бойында неғұрлым көбірек психологиялық көмек көрсетіп, ойындар ұйымдастыру арқылы олардың сеніміне кіріп кері әсерден арылуға көп мүмкіншілік жасау қажет екендігін айтты.

Педагог-психолог А.А. Карина «Балабақша ішіне жайлы, жақсы психологиялық климат жасауға көңіл аудару, проблемалар бойынша кеңес ұйымдастыру» туралы ақпарат берді. Ол өз сөзінде, қазіргі қоғам алдында тұрған өзекті мәселе бұл-жан-жақты дамыған, көп мәдениетті, шығармашыл, әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптастыру. Бала қабілетін жан-жақты дамытып, шығармашылығын ұштай білу үшін тәрбиеші өзі шығармашыл тұлға болуы тиіс. Ол шығармашыл, жаңашыл, озық ойлы, кәсіби шебер маман болуы қажет. Білім беру балабақша табалдырығынан басталады десек ешқашан қателеспейміз. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Сондықтан да балабақшаға келген балаларға жайлы, жақсы көңіл-күй сыйлау, бала жасына сай топтарды жинақтау біздің парызымыз деді.

Төртінші мәселе бойынша барлық топтардың ата-аналармен жұмыс жоспарлары бекітіліп берілді. Ата-аналар мәліметі толықтай тексеріліп, педагогтерге қорытындысы айтылды.

Шешімі:

1. Реджио педагогикасын ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, күнделікті ойын ойнауда, іс-тәжірибе жасауда үнемі қолданысқа енгізуді жалғастыру.
2. Мектеп жасына дейінгі баланың эмоционалды көңіл-күйінің дамуы, ойлау қабілетін дамытуға арналған жұмыстар көп жүргізілсін.
3. Балалардың балабақшада психологиялық көңіл-күйді көтеруді үнемі ұйымдастыру.

Жиналыс төрайымы:

А.Т.Молдахметова

Хатшы:

С.М.Слямова

**МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Әдістемелік отырыстың
№3 хаттамасы**

Жиналыс төрайымы : А.Т.Молдахметова
Хатшы: С.М.Слямова

Күні: 15.11.2023 жыл
Қатысқаны: 30
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Жобалау әдісі арқылы балалардың интеллектуалды қабілетін дамыту.
Инн. әдіскері: Е.С. Зейнелсадыкова
2. Мектепке дейінгі музыкалық тәрбиеде инновациялық технологияларды қолдану.
Муз. Жетекші: Л.Жақсыбайқызы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақшаның инн.әдіскері Е.С.Зейнелсадыкова француз педагогы Жан Жак Руссо «Бала туғанда ақ қағаздай болып туады оның үстіне шимайды қалай салсақ, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзін қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» - деген сөзімен бастады.

Жобалау әрекеті білім беру саласында жақында ғана пайда болып кең тарап жатқан әдістердің бірі. Оның негізгі бағыты, қандай да бір мәселені шешуде жетістікке жету. Жобалау әдісі арқылы ұйымдастырылған оқыту үрдісінде балалар шынайы өмірдің тәжірибесіне негізделген мәселі -ізденіске бағытталған әрекетке қатысып, нәтижеге жету барысында жаңа білімді, тәжірибені игеруге кеңінен мүмкіндік алады. Сондықтан да жобалау әдісін барлық тәрбиешілер балалармен бірге бір тақырыпты алып, зерттеп отыру ұсынылды. Жобаны бала жасына сай, мерзімін апталық, айлық немесе одан да көп алуға болатындығын айтты. Сондай-ақ Е.С. Зейнелсадыкова өзінің балалармен бірге өткізген жобасымен де бөлісті.

Балабақшаның музыка жетекшісі Л.Жақсыбайқызы өзінің іс-әрекеттерінде қолданатын инновациялық технологияларымен бөлісті. Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияны ердіруге көптеген күш жұмсалады. Сол себепті педагогтардың негізгі міндеті: әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау екендігін

айтты. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновациялық технологияларды жүйелі түрде қолдану баланың музыкалық қабілетінің дамуы және денсаулығының нығайуын жақсартады.

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолданылатын инновациялық технологиялар:

- дауыс жаттығулары;
- дем алу жаттығулары;
- артикуляциялық жаттығулар;
- саусақ жаттығулары;
- өзін-өзі уқалау жаттығулары;
- әуентерапиясы;

Музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінде инновациялық технологияны қолдану баланың жас ерекшелігіне және қызығушылығына қарай нәтижелі болады. Инновациялық технологияларда сауықтыру бағытының болуы және педагогтың денсаулық сақтау әрекетін кешенді пайдалануы, баланы салауатты өмір салтына толық ұйымдастырады.

Инновациялық технологияларды музыка іс-әрекетінде мынандай әдіс-тәсілдермен қолдануға болады:

Ойын тәсілі: *(саусақ жаттығуларын, саусақты-сөзді ойындарды, әуенді ойындарды, өзін-өзі уқалау жаттығуларын, дидактикалық ойындарды қолдану арқылы өтеді).*

Көрнекілік: *(суреттер, ойын құралдары, ойыншықтар, музыкалық-дидактикалық ойын құралдары, балаларға арналған музыкалық аспаптар).*

Сөздік: *(әңгіме құру, көркем сөздер, әндер, дауыс және артикуляциялық жаттығулар).*

Тәжірибелік: *(музыкалық әрекеттің барлық түрі).*

Осындай инновация технологияларымен бөлісіп, тиімді екендігін айтып өтті.

Шешімі:

1. Барлық топ тәрбиешілері жобамен жұмыс жасауды қолға алсын.
2. Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес күнделікті іс-әрекеттерде де инновациялық технологияларды қолданып көру.

Жиналыс төрайымы:

А.Т.Молдахметова

Хатшы:

С.М.Слямова

**МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Әдістемелік отырыстың
№4 хаттамасы**

Жиналыс төрайымы : А.Т.Молдахметова
Хатшы: С.М.Слямова

Күні: 20.12.2023 жыл
Қатысқаны: 30
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Өзіндік шығармашылық тақырыптарын жүзеге асыру әдістемесі.
Әдіскер: А. Т.Молдахметова
2. Ұйымдастырылған іс-әрекетте Реджио педагогикасын қолдану тиімділігі.
А.С.Абдукаримова
3. Ерекше балалармен жұмыс жүргізетін арнайы педагогтердің инклюзия топ тәрбиешілеріне әдістемелік көмек.
А.А. Карина
Н.Н. Сандибекова

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері тәрбиешілерге өзіндік шығармашылық тақырыптардың қалай жүзеге асыру керектігін айтып өтті.

Әрбір педагогикалық технологияның өзіндік әдіс-тәсілдерінің ерекшеліктеріне қарай әр тәрбиеші өз ізденісі арқылы жеке баланың қабылдау деңгейі мен қабілетіне сәйкес іріктеп пайдаланады. Тәрбиеленуші өз ойын дұрыс бағамдап, дәлелдеуге тырысады, ой-өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, келе-келе тәрбиешінің түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. Адам өміріндегі ең негізгі, маңызды кезең – жоғры оқу орнында білім алған кезеңі емес, бұл туылғаннан алты жасқа дейінгі балалық шақ. Өйткені осы мезетте адамның маңызды құралы ой-өрісі қалыптасады. Сонымен қатар психиканың барлық мүмкіндіктері де қалыптасып отырады. Әр бала алты жасқа дейінгі білімді, маманды көмекті қажет етеді. Балабақшадағы тәрбие ұзақ уақыт бойы баланың танымдық дамуын қамтамасыз етуге бағытталып келеді. Ал олардың әлеуметтік-эмоционалдық

дамуы арнайы педагогикалық ізденістердің нысанасы болуы сирек кездеседі. Тәрбиеленушіге тұлғалық, бағдарлылық қарым-қатынас, оның дара өзгешеліктерін қолдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту-бүгінгі күні басым мән беріліп отырған бағыттар болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда тәрбие мен білім берудің ерекше үрдісі қалыптасқан. Бұл үлгі-білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға балдырғанның ойлау қабілетін, білігін, білімін емес, оның тұлғалық қасиетінің дамуын алға қойып отыр. Әрібір тәрбиеші шығармашыл жұмыс жасаған жағдайда ғана, еліміздің саналы, дарынды тәрбиеленуші балдырғандарды тәрбиелеп шығаруға мүмкіндігі бар. Шығармашылық іздену – тәрбиешінің еңбегіне, біліміне, ой-өрісінің толысуына көп көмегін тигізеді. Бүгінде тәрбиешінің басты міндеті – педагогикалық технологиялар арқылы баланың интеллектуалдық, шығармашылық деңгейін жоғарылатып, жеке ерекшелігін, тұлғалық даралығын қалыптастыру. Балабақшада технологияларды қолдану тәрбиешінің кәсіби шеберлігін арттырып, шығармашылық әрекеттің биігіне көтерілуіне ықпал етеді. Шығармашыл тұлғаның бойында өзіне тән ерекшелігі, қиялының ұшқырлығы, танымдық қызығушылығы, шабыты басым болады.

Балабақша тәрбиешісі А.С.Абдукаримова ұйымдастырылған іс-әрекетте Реджио педагогикасының қолдану тиімділігін айтып өтті. Реджио педагогикасының қағидаттарына сәйкес мектепке дейінгі балалардың өзара қарым-қатынасы әлемді зерттеуге, әлемнің өзіндік көрінісін қалыптастыруға болатын кеңістікте құрылады. Реджио педагогикасының дамытушы ортасы эксперименттер мен шығармашылыққа, бастамашылық пен дербестік танытуға мүмкіндік береді. Балалар мынадай компоненттері бар пәндік-кеңістіктік орта аймақтарын пайдаланады: әлеуметтік, кеңістіктік-пәндік. Реджио педагогикасында әрбір баланың өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі көрсетуі үшін қажетті барлық жағдай жасалған. Балаларда еркіндік қалыптасқандығын, өз ойларын жеткізе білетіндігін айтып өтті. Көбінесе шығармашылық жұмыстар жасайтындарын, балалардың шығармашылық жұмыстарға деген қызығушылықтары артқандығын айтып өтті.

Балабақша психологі мен логопед мамандары ерекше балалармен жұмыс жүргізетін арнайы педагогтердің инклюзия топ тәрбиешілеріне әдістемелік көмек көрсетті. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар бар топтардың білім беру процесі балаларға күтім жасау мен қамқорлықты, сондай-ақ білімге, маңызды өмірлік дағдыларға тәрбиелеу мен оқыту процестерін, балалардың жеке қасиеттері мен қабілеттерін дамытуды, олардың дамуындағы тапшылықты түзетуді көздейді. Білім беру қажеттіліктері бар балалардың ерекшеліктері мұндай балалардың білім беру мәселелерін басқалармен кәсіби

түрде шешу үшін педагогикалық тәжірибені өзгерту мүмкін емес. Бірақ егер біз "ерекше" балалар үшін ерекше жағдай жасай бастасақ, онда біз басқа балалар үшін тең құқықтар принципін бұзамыз. Оны сақтау үшін барлық балалармен, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс істеуді үйрену керек. Әрбір балабақша тәрбиешісі өзін – өзі тәрбиелейді, "инклюзивті" білім-бұл барлық балалардың айырмашылықтарының құндылығын және олардың оқу қабілетін тану, ол осы балаға ең қолайлы тәсілмен жүзеге асырылады. Бұл даму қиыншылықтары бар балалардың қажеттіліктерін ескеретін икемді жүйе. Оқыту жүйесі баланың жүйеге емес, балаға бейімделеді. Артықшылықтары арнайы топтар немесе бір бала емес, барлық балалар алады. Оқу жылының басында тәрбиеші ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тексереді. Мониторинг барысында ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу іс-әрекетіне қызығушылығын тудырады. Педагог баланың оқуға деген қызығушылығы оған белгілі бір жетістіктерге жетуге көмектесетінін түсінеді. Балалардың қауіпсіз және әлеуметтік қолайлы белсенділігі үшін жағдай жасайды. Мүмкіндігі бар балаларға таңдау мүмкіндігін береді, баланың сезімдерін білдіруде қолдайды. Балалардың жас және жеке қажеттіліктеріне сәйкес күн тәртібін нақты орындайды. Қол жетімді даму ортасын жасайды. Балалардың мүдделерін зерттейді және қоршаған ортаға ойыншықтар мен заттарды олардың мүдделеріне сәйкес орналастырады. Балалардың дамуының өзекті деңгейін диагностикалаиды және олардың жақын даму аймағына сәйкес ортаны ұйымдастырады. Ол балалар қызықтыратын және айналысатын іс-шараларға қатысады. Баланың бастамасына қосылады. Балалардың ойынына жаңалық әкеледі. Проблемалық жағдайларды жасайды. Баланың назарында не бар екенін ауызша түсіндіруді қолданады. Баланы әңгімеге шақырады, баланың сөздерін қолдайды. Қиын жағдайда балаға көмек көрсетеді. Балаларға арналған дамыту тапсырмаларын ұйымдастырады. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды базалық компонентке сәйкес ұйымдастырады. Балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып, тапсырмаларды құрастырады. Даму деңгейі әртүрлі балаларға арналған деңгейлік тапсырмалар мен тапсырмаларды әзірлейді. Топта және кіші топтарда балалардың бірлескен қызметін ұйымдастыратындығын айтты.

Шешімі:

1. Өзіндік шығармашылық тақырыптарын реджио педагогикамен бірге ұштастыру.

2. Ұйымдастырылған іс-әрекетте Реджио педагогикасын қолдануды жалғастыру.
3. Ерекше балалармен жұмыс жүргізетін арнайы педагогтердің инклюзия топ тәрбиешілеріне әдістемелік көмек көрсетуді қолға алу.

Жиналыс төрайымы:

А.Т.Молдахметова

Хатшы:

С.М.Слямова

**МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Әдістемелік отырыстың
№5 хаттамасы**

Жиналыс төрайымы : А.Т.Молдахметова
Хатшы: С.М.Слямова

Күні: 20.01.2024 жыл
Қатысқаны: 30
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылындағы І-ші жарты жылдық қорытындысы
Әдіскер: А.Т. Молдахметова
2. Білім деңгейінің аралық диагностикасының қорытынды есебі
Әдіскер: А.Т. Молдахметова
3. Дидактикалық ойындарды қолдану әдістемесі
Тәрбиеші: А.А. Ахметова
4. «Ұжымдағы қарым-қатынас» психолог кеңесі
Психолог: С.М. Слямова

Әдіскер А.Т. Молдахметова 2023-2024 оқу жылындағы І-ші жарты жылдық қорытындысы бойынша есеп беріп өтті. Жарты жылда балабақшада өткізілген іс-шаралардың барлығы жоғары деңгейде өткендігін, ата-аналармен атқарылған жұмыстардың және педагогтермен ұйымдастырылған әрекеттердің барлығы жоғары деңгейде өткізіліп отырғандығын айтты. Сонымен қатар білім деңгейінің аралық диагностикасының қорытынды есебіне тоқталды. Барлық топтарда қыркүйек айының бастапқы мониторингіне қарағанда балалардың деңгейінің жоғарылағандығын айтты.

Балабақша тәрбиешісі А.А. Ахметова Қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқандай, бала өмірінде ойын ерекше орын алады»- деп баяндамасын бастады. Баланың өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Орыс ғалымы, дәрігер, педагог К.А.Покровский «Ойын-күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы. Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады»-деген екен. Олар ойын ойнау барысында өздерін еркін сезінеді. Іздемпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы) байқалады.

Дидактикалық ойындарды ұйымдастырылған іс-әрекет кезеңдеріне енгізу туралы ақпарат беріп өтті. Мысалы: Түрткі ретіндегі дидактикалық ойындар,

Материалды игеруге даярлық кезінде пайдаланылатын дидактикалық ойындар, материалды пысықтау кезінде пайдаланылатын дидактикалық ойындар, игерілген материалды қайталау кезінде қолданылатын дидактикалық ойындар баланың ынтасын сабаққа аударуға, көңіл қойғызуға, қабылдауын жеңілдетуге, білімді толық игеруге көмектеседі, сабаққа эмоциялық бояу беретіндігін айтты.

Балабақша психологі С.М. Слямова қарым-қатынас дегеніміз – адамдар арасында бір-бірімен байланысқанда туатын күрделі процесс. Қарым-қатынасқа түсе отырып, ұжымда әріптестер нендей істерді атқара алады және олардың іс-әрекеті мен мінез-қылығында, қабілетінде нендей жағымды істері бар, ұнамды қасиеттері мен олқылықтары кездеседі деген жайттарды анықтауға болады. Бүгінгі тренингті тәрбиешілердің көңіл-күйлерін көтеруге, шығармашылық қабілеттерін бағалай білуге, өздеріне құрметпен карауға, ұжымдық қарым-қатынас орнатуға арнайтындығын айтып қызықты тренингтер өткізді.

Шешімі:

1. 2023-2024 оқу жылындағы І-ші жарты жылдық қорытындысы және Білім деңгейінің аралық диагностикасының қорытынды қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Дидактикалық ойындарды үнемі ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолдану, материалдар жинақтау.
3. Үнемі педагогтерге арналған тренингтер өткізуді қолға алу.

Жиналыс төрайымы:

А.Т.Молдахметова

Хатшы:

С.М.Слямова

**МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Әдістемелік отырыстың
№6 хаттамасы**

Жиналыс төрайымы : *А.Т.Молдахметова*
Хатшы: *С.М.Слямова*

Күні: 21.02.2024 жыл
Қатысқаны: 30
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі білім беру педагогтерін жаңа үрдісте дамыту жолдары.
Әдіскер: А.Т. Молдахметова
2. Жалпы тіл кемістігі бар мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға түзету жұмыстарының әдіс-тәсілдері
Логопед: Н.Н. Сандибекова
Дефектолог: А. Ж. Дүйсенбаева

Балабақша әдіскері А.Т. Молдахметова мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогтерді жаңа үрдісте дамыту жолдары туралы мағлұмат беріп өтті. «Ұстаз қандай болса қоғамы сондай» деген бұлжымас заңдылық қай қоғамда да көкейкесті. Сондықтан да бүгінгі күннің өзекті мәселесі - педагогтардың құзіреттілігін үздіксіз жаңа үрдісте дамыту. Қазіргі таңда тәрбиешінің құзіреттілігін үздіксіз жетілдіруде мынандай міндеттер жүктеліп отыр.

1. Мамандығы бойынша негізгі дайындығы болуы.
2. Адамдардың адамға, қоғамға қатынасын реттейтін құқықтық және этикалық нормаларын білуі
3. Қазіргі білім беру технологиясын пайдалана отырып жаңа білім алуы
4. Компьютерлік техниканы меңгеруі

Педагогтың кәсіби мәдениеті төмендегідей сипатталады.

I.Кәсіби қасиеті:

- ұйымдастыру қабілеті ;
- білімнің тереңдігі;
- ғылыми білімі;
- дарындылығы;
- шығармашылығы;
- интеллектуалдық қасиеттері.

II. Моральдық-этикалық

- қарапайымдылығы.
- ақиқатқа құштарлығы;
- мейірімділігі;
- адамгершілігі.

III. Психологиялық даярлығы:

- сыртқы келбеті;
- сөйлеу мәдениеті;
- киім киісі;
- әдептілігі.

Осы жоғарыда айтылғанның бәрі басқару қызметіне стратегиялық және инновациялық ойы дамыған, басқару мәселелерін шешуге қабілеті жеткілікті, жаңа технологияларды игерген, команда құрамында жұмыс істей алатын, өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарайтын, қарым-қатынас мәдениеті жоғары, бір сөзбен айтқанда кәсіби күзіретті ұстаздың қалыптасуын үздіксіз дамытуды қажет етеді деді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақша логопеді Н.Н.Сандибекова: Баланы әңгімелеуге үйрету-оның сөздерді байланыстыруын жақсы қалыптастырады. Баланың сөйлеуі оның ойлауымен бірқалыпты дамиды. Мектепке дейінгі балалардың ойлауында маңызды өзгерістер орын алады: ой-өрісі жетіледі, ойлау қабілеті дамиды, білімі ұлғаяды, сөздік қоры молаяды. Алайда, балалар ойлау және тілдік дағдыларын айналасымен қарым-қатынас жасанғаннан кейін ғана иемденеді. Бұл жерде балаға эмоционалдық қарым- қатынасы өзіне жақын ересек адам маңызға ие екенідігін айтып өтті. Сонымен қатар тіл кемістігі бар балалармен қандай жұмыстар жасап жатқандығын айтып өтті. Қандай жаттығулар қолданатындығын педагогтермен бірге жасады. Олар: тыныс алу жаттығулары, Су-Джок терапиясы, түрлі дидактикалық, қимылды, мазмұнды, сюжетті, рөлді ойындар және шығармашылық жұмыстар, АРТ терапия, лого-ырғақ жаттығулары, артикуляциялық жаттығулар.

Шешімі:

1. Балабақша педагогтеріне өздерін үнемі жетілдіріп отыру, үздіксіз даму керектігі ұсынылды.
2. Жалпы тіл кемістігі бар балалармен жұмыс істеу.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

А.Т.Молдахметова

С.М.Слямова

**МКҚК №58 «Өркен» балабақшасының
Әдістемелік отырыстың
№7 хаттамасы**

Жиналыс төрайымы : *А.Т.Молдахметова*
Хатшы: *С.М.Слямова*

Күні: 11.03.2024 жыл
Қатысқаны: 30
Қатыспағаны: 0

Күн тәртібі:

1. Келесі оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтерді ұсыну, талқылау және бекіту.

Әдіскер: А.Т.Молдахметова

2. Қазақтың салт-дәстүрлері және ұлттық ойындарды ойнату арқылы балаларды тәрбиелеу.

Денешынықтыру нұсқаушысы: Ж.С.Баубеков

Балабақша әдіскері А.Т.Молдахметова келесі оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтер тізімін айтып өтті. Сонымен қатар биылғы оқу жылында сәуір айында да аттестациядан өтетін педагогтер тізіміне тоқталды. 2024 жылдың 15-ші наурызына дейін жаңа жоба дайындалып жатқандығы айтылды. "Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары" жобасы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Педагогтер тарапынан туындаған сұрақтарға әдіскер жауап беріп отырды.

«Қазақтың салт-дәстүрлері және ұлттық ойындарды ойнату арқылы балаларды тәрбиелеу» тақырыбында балабақшаның денешынықтыру нұсқаушысы тәрбиешілерге қызықты пікір алмасу өткізді. Ұлттық ойындардың бала денсаулығына, көңіл-күйіне оң әсер беретіндігін айтты. қазақтың салт-дәстүрлері жайлы сөз қозғалды. Тәрбиешілермен бірлесе отырып ұлттық ойындар ойнатты.

Шешімі:

1. Балабақша педагогтеріне аттестациядан өтуге тыңғылықты, мұқият дайындалу ұсынылды.
2. Ұлттық ойындарды үнемі балалармен ойнау, әртүрлі сайыстарға қатысу міндеттелді.

Жиналыс төрайымы:
Хатшы:

А.Т.Молдахметова
С.М.Слямова

